

\* \* \*

Azerbaijan National Artist Rafis Ismailov's name is well known not only among literary critics and art fans but also film critics and the people related with Azerbaijan films nearly. He devoted more than 40 years of his life to the cinematograph and was stage artist of more than 50 films. He worked with coryphaeus producers such as H.Seyidzadeh, T.Tagizadeh,

R.Ojaqov. Now we can confidently say that R.Ismayilov is one of the masters with specific place among film artists. Among the films which he worked as a stage artist we can show "Gatir Mammad" (1974), "Singing Muslim Magomayev" (1971), "1001's tour" (1974), "Knight's of Black Lake" (1984), "Tahmina" (1989), "Hotel's room" (1989), "Sorry, if I'll die," (1989), "7 days after murder" (1991), "Javad xan" (2009).

*Г. Өзбекова*

## «ҰЛАН» ГАЗЕТІНІҢ БАЛАЛАР БАСПАСӨЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Балалар мен жасөспірімдердің республикалық «Ұлан» газеті – Қазақстан балалар баспасөзінің негізін қалап келе жатқан сүйікті басылымдардың бірі. 80-жылдық қысқа да ұзақ тарихы бар, талай «тар жол, тайғақ кешулерден» өтіп, талай тауқыметті артқа тастады. Қазақстанның тәуелсіз заманына да жетті.

Газет шыға бастаған күннен бері жас буынның өмірдегі бағыт сілтер кеңесшісі, қол ұшын берер көмекшісі, ой бөлісер сырласы болып келеді. Бүгінгі күні қаншама атақты еңбек адамының, мәдениет пен өнер қайраткерінің, озық ойлы саясаткер мен ғалымның, осы газет арқылы дүние танып, қанаттанғанын айтып берудің өзі күш. Кішкентай бүлдіршіннің саналы да салауатты азамат, білімді де білікті маман болып тәрбиеленуіне газеттің қосқан үлесі зор. Газет балалардың ой-өрісі мен дүниетанымын ұлттық тұрғыдан өсіретін, халқымыздың сан қырлы тарихы мен салт-дәстүрін насихаттайтын кең тынысты шығармалар жариялап, жас ұрпақтың бойына елімізге деген патриоттық сезім рухын сеуіп, Отанын сүйген, елін қадір тұтқан үлкен азамат болып ер жетуіне қомақты үлес қосып келеді.

Балалардың оқу-білімге ынтасын, құштарлығын арттыру, олардың ойлау, өзінше тұжырымдау, өзіндік пікірін айта білуге тәрбиелеу – «Ұлан» газетінің басты мақсаты. Сонымен қатар, балғындардың рухани дүниесін кеңейтуде басты себеп болатын олардың шығармашылығына әрдайым үлкен орын беріледі.

Өзге басылымдардан газет өзіндік қалыбымен, көлемімен және шығу мерзімінің жиілігімен ерекшеленеді. Газетте публицистиканың әр түрлі пішіндері мен жанрлары пайдаланылады.

«Ұлан» газеті 1930 жылы 20-наурызда алғаш рет «Лениншіл жастың» қанатының астын-

да, оның 5-6 беттерінде «Пионер» деген атпен шықты. өлкелік комсомол комитеті бюросының және халық ағарту комиссариатының тапсырмасымен өлкемізде газеттің алғашқы жауапты редакторы А.Нұралин болды. 5-қараша, «Пионер» газеті Алматы қаласының Гоголь көшесіндегі №9 үйде тұңғыш рет өз алдына дербес басылым болып шықты.

1937 жыл. Наурыз. «Пионер» газеті «Октябрь балалары» деген атпен шыға бастады.

1941 жыл. 28 маусым. Осы күнгі газеттің алғашқы бетінен «Пионерлер, Ұлы Отанымыздың күш-қуаты арта беру үшін қолдарыңнан не іс келсе, соның бәрін де істендер», - деген ұранын оқуға болады.

Газет осы нөмірден кейін соғыс жағдайына байланысты уақытша жабылды.

1946 жыл. 9-мамыр. «Октябрь балалары» «Қазақстан пионері» деген атпен түледі.

1990 жыл. 4-қаңтар. «Қазақстан пионері» газеті «Ұлан» деген атпен жарық көре бастады. Ал еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан бері ұлттық балалар мен жасөспірімдер басылымы болып, халықтық педагогика жүйесін басшылыққа алып, тақырып аясын кеңейтіп, 1991 жылдың басынан сегіз беттік апталық газет болып шығып келеді.

80-жылдық тарихы бар «Ұланның» – «Октябрь балалары» кезіндегі, «Қазақстан пионері» атанып, шартарапқа таралған шағындағы рухани әлемге қосқан үлесі есепсіз. Оның әрбір санында уақыттың үні, тынысы бар.

Бұл балалар мен жасөспірімдер газеті болған соң, балалар шығармашылығына үлкен мән берілді. Балалар жіберген хаттар редакция бөлімінде сұрыпталып, әртүрлі айдарлармен жарық көре бастады. Мәселен, «Пікірлесу клубы», «Қазақстан пионері», «Тілші болдық», «Бұл мақала түзетусіз шықты», «Бірінші рет

жазғаным еді», «Бала, хал қалай», «Өнердің міндік тұлпарын», «Қыл қаламға құштарлар», «Туған жерім менің – Қазақстаным!», «Ана тілі ардақты», «Тілім менің, елім менің», «Сабақтан соңғы сағаттар», «Атам айтады», «Рауан», «Қанат», «Шимайбектің портфелі» айдарлары.

Бүгінгі жалпыхалықтық мәселе – баланы білімге, рухани тазалыққа ұмтылысын ояту. Білімсіз адамнан мардымды ештеңе шықпайды. Екіншіден, адал жүру, адамның ар алдында таза болуы – адамгершілік негізі болып табылады.

Газеттің «Пікірлесу клубы» айдарында көтерілген тақырыптар дені осы бағытта.

Оқырмандар көбіне-көп өзара сын, әсіресе, қараңғылық, адалдық, достық туралы көп жазатын.

Мәселен «Тілің-арың» (1984-1985 ж №21-№28), «Жақсы мен жаман» (1965 ж №94-№101), «Ар сақтау деген не?» (1964 ж №22-№106), «Үлкен жүректі адам» (1970 ж №20-№25), «Күлпаштың кітабы» (1975 ж №77-№99), «Әдептілік - әдемілік емес пе?» (1979 ж №24-№65), «Жақсы адам болғым келеді» (1985 ж №45-№90), «Спорт – енжарлықты сүймейді» (1985 ж №102-№113) деген тақырыптар төңірегінде пікір алысулар жасөспірімдер аясынан шығып, мұғалімдердің, психологтардың, ғылымдардың араласуына ұласты.

Жас ұландар «Жақсы мен жаман» ұғымын тереңірек ұғынып, адамгершілік, ізгілік, мейірімділік турасында өз ойларын ашық ортаға салды. Сол замандағы бүлдіршіндердің өмір туралы түсінігін осы «пікірлесу клубында» анық байқауға болады. Әркімнің түсінігі әр түрлі. Кейбіреуінің пікірі бұрыс, қате болады. Осыларды сарапқа салып, жөн сілтеп, бағыт беріп отыратын психологтар, ғалымдар пікірталастың қорытындысын жасайды. Бұл адамдар ғылыми тұрғыда дәлелденген пікірлер айтады, оны оқыған оқырманның санасында белгілі-бір ұғым жайлы дұрыс түсінік қалыптасады. Міне, бұл қозғалған тақырыптар адамның жеке басының тәрбиесіне жататын болса, онда біз «Ұланды» тәрбиеші, ақылшы деп атауымызға толық мүмкіншілігіміз бар.

«Туған жерім менің - Қазақстаным», «Ана тілі ардақты», «Тілім менің, елім менің» деген айдармен жарияланып отыратын мақалалардан патриоттық лебі сонадайдан сезілетіні тақырыбынан-ақ айқын.

Жастар Қазақстанның болашағы жарқын әрі келбетті болатынына сенді, әрі сол болашақты жасаушы өздері екенін үнемі ескере отырып, ұлттық сипатты сақтап қалатын тіл екенін айтады. Сол ана тілдерін шұбарлатпауға бар

күштерін салып, қатарластарын да соған үндейді.

Тұрақты «Атам айтады» айдары көне тарихи жер-су аттарын сипаттайды. Оқушы қазақтың қилы тарихы қалдырып кеткен атаулар жайлы толық мағлұмат алады.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Адам ойлау арқасында ғана заттардың, көріністердің арасындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған себептерді табады. Келешекте оларға ие болатынын ойлап шығарады, келешекті болжай алады. Қысқасы, ойлай білетін адам шын мағынасымен адам. Ойлау осындай қымбат көрініс болса, оны өркендету керек. Әсіресе, тәрбиеші баланың дұрыс ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керек», - деген болатын. Сол сияқты, балалардың ой-өрісін дамытуға газет те көп күш салады. Күні бүгінге дейін әр саны сайын беріліп тұратын «Танымдық Ойындар Әлемі» атты айдардың ауқымына сондай материалдар топтасқан.

«Өнердің міндік тұлпарын» атты айдар «Ел іші - өнер кеніші» демекші ел ішіндегі өнерлі өрендердің өнерін жұртшылыққа таныстырды. «Бірінші рет жазғаным еді», «Бұл мақала түзетусіз шықты» айдарлары қыл қаламға құштарлардың қолтығынан демеп, даңғыл жол салып берді.

1978-1981 жылдары газет бетінде «Жас тілшінің блокнотынан» атты арнайы сабақ жүргізіле бастады. Мұнда балалар баспасөзінің тілі, стилі жайлы, газет жанрларының кейбір түрлерінің жазылу формасы турасында әңгіме сабақтар өткізілді. Бұл сабақтың жас тілшілердің журналистік қыл қаламдарының ұшталуына үлкен септігін тигізді.

Жас тілшілердің тырнақалды мақалалары олардың әдебиетке, жазушылыққа қызығушылықтарын арттырды. Газеттің бұрынғы жас тілшілері Ә.Нұршайықов, К.Әмірбек, Ұ.Доспанбеті, А.Шымырбаев, А.Байтанаев, Н.Оразалиндер бүгінде елімізде танымал ақын-жазушылар. Олар өздерінің шығармашылық жолдарын әңгімелеген кезде ең алдымен «Қазақстан пионері» еске алып отырады.

Қаршадайынан осы газеттен тағылым алмай, алғашқы балаң еңбектерін соған бастырмай, аспаннан түсе қалған ақын мен жазушы кем де кем. Газетті үзбей оқып, хат жазысып, еңбектерін бастырып, кейін танымал журналист, белгілі ақын, жазушы болып кеткен кісілер аз емес. Біз жоғарыда біршамасын атап өттік. Міне, осы тұрғыдан алғанда, газеттің кешегі жас тілшісінің бүгінгі еліміздің арқа сүйер азамат-

тарына айналуына иненің жасауындай болса да қосқан үлесі бар екенін анық байқауға болады.

Газет қызметкерлері неғұрлым өмір тәжірибесі толысқан, жазу, сызу жағына бес аспап, падагогикадан хабардар болып келсе, газет материалдары да соғұрлым нысанаға дарығыш келеді. Әр кездері газет бұл талаптың деңгейінен шығып отырады. Оған дәлел, газетте алғаш редактор болып А.Нұралин (1930-1932 ж.), бір-қатар елімізге танымал белгілі жазушылар С.Ерубәев (1933-1934ж.), М.Мамажанов (1956-1958ж.), С.Сарғасқаев (1958-1961ж.), С.Бердіқұлов (1965-1970 ж.), Б.Сапаралин (1991 ж.), майталман ақындар Ф.Оңғарсынова (1970-1977 ж.), С.Қали (1991 жылдан бері) редакторлық қызмет атқарды. Газеттің басқа да қызметкерлері Қ.Аманжолов, Т.Әбдіков, О.Әубәкіров, А.Байтанаев, М.Ғабдуллин, Б.Бұлқышев, Е.Елубаев, Н.Оразалин, М.Сүндетов, Ә.Тарази, Ж.Саин, Ә.Нұршайықовтардың есімдері бүгінде тек өз елімізде ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде танымал.

Ал 1960-1965 жылдары редакцияның ең негізгі пионерлер бөлімін меңгерген И.Жақановтың орны ерекше. Олай деуіміздің себебі, ол өзінің зерттеушілік жұмысын дәл «Қазақстан пионерінен» бастаған екен.

«Мен қызмет еткен төрт жылдағы газет нөмірлерін парақтап отырсам, бір санында өнер тақырыбы қамтылмай қалмаған екен. Осы жұмыстың бүгешігесін жан-жақты, сала-сала қарастыра жүріп, ақырында өзімнің нағыз өнер зерттеушілік жұмысым осы газеттен бастау алды», - дейді дарынды композитор, талантты жазушы, танымал өнер зерттеушісі, Ш.Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтың иегірі И.Жақанов. Шынымен де осы жылдардағы газет нөмірлеріне үңілер болсақ, ән падишасы Біржан сал, Ақан сері, үкілі Ыбырайлардың, күйшілерден Құрманғазыдан бастап Дәулеткерей, Ықыластардың өмірбаяны мен шығырмашылық жолдары жайлы толыққанды мағлұмат ала аламыз.

Сонымен, «Ұланның» Кеңестік дәуір тұсындағы газет материалдарына тоқталып өттік. Байқағанымыздай, газет көбіне-көп заман жаршысы болды. Газет ұлттық салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз, ана тіліміз бен дініміз жайлы мақалалар жариялауға мүмкіншілігі болмады. Ол үшін газетімізді айыптаудың да жөні де жоқ болар. Себебі, сол замандағы басы-

лымдардың бәрі саяси идеология құрсауында болғаны мәлім. Бірақ сонда да бұл басылым әрқашан ұландар бапкері бола білді. Ол келешек тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпақтарының патриот болып өсуіне қосқан үлесінің зор екеніне көзіміз жетті.

Айтулы ғалымдар барлық ұлылық пен даналықтың негізі балалық шақта қалана бастайтынын айтады. Балалық шақта қалыптасқан үлкен өмірдің іргетасы берік те мығым болса, алда кездесетін қандай қиыншылық, тауқыметке де төтап береді, уақыт сынынан сүрінбей өтеді. Міне, бұл тұрғыдан алғанда газет шыға бастаған күннен-ақ жас ұрпақтың ақылшы досы, айнымас серігі, дем берушісі, жақсылық атаулының жаршысы, ең негізгісі – тәрбиешісі бола білді. Ол жастардың бойына ұлттық ерекшеліктерімізді танытатын қасиеттерді дарытуға күш салды. Олардың бойына имандылық, инабаттылық, қайсарлық, адалдық сияқты асыл қасиеттерді егіп, жаңа заманға сай саналы, білімді, іскер қоғамшыл азамат етіп қарастыруға баулыды. Сонымен бірге ана тілін, тарихын, салт-дәстүрін жетік білуге, танып-зерттеуге құлшындырып құрметтей, бағалай білуге үйретті. Сонымен, «Ұланның» оқырмандары неғұрлым көп болса, еліміздің саналы, білімді да білікті, елін сүйген патриот азаматтарының көбейе беретіні сөзсіз.

1. «Ұлан» газетінің тігінділері.
2. Б.Қойшыбаев. «Біздің өмірбаян». – Алматы: «Жалын», 1980 ж.
3. Н.Өсеров, Ж.Естаев. «Ислам және қазақтардың әдет-ғұрпы». – Алматы: «Қазақстан», 1992 ж.
4. М.Жұмабаев. «Таңдамалы». – Алматы: «Ғылым баспасы», 1992 ж.
5. Б.Ыбырайымов. «Ой мен сөз». – Алматы: «Жазушы», 1985 ж.
6. Т.Қожакеев. «Жас тілшілер серігі». – Алматы: «Рауан», 1991 ж.
7. «Қазақ ұлттық энциклопедиясы». 2-том. – Алматы, 1999 ж.
8. «Уақыт және қаламгер». – Алматы: «Жазушы», 1987 ж.
9. «Даналардан шыққан сөз». – Алматы: «Мектеп», 1987 ж.
10. «Қазақ совет энциклопедиясы». 9-том. – Алматы, 1976 ж.

\*\*\*

В статье прослеживается деятельность газеты «Ұлан» прошлого и настоящего времени.

\*\*\*

In article newspaper activity «Ұлан» the past and the present.